


№1 практикалық сабақ
Микробиология-лық зертханалар.
Зертханада жұмыс жасау ережелері

Орындаған: Маратова Фариза
Ахатова Жұлдыз

Микробиологиялық зертхана

- Микробиологиялық зертхана арнайы жабдықталған, микробиологиялық бақылау көмегімен инвентардың, техникалық құрал – жабдықтар мен аппараттардың, қоғамдық тамақ өнеркәсібінің және тамақ өнімдерін сату жұмысшыларының санитарлық жағдайын тексереді; қоршаған орта объектілерінің ауа, топырақ, тамақ өнімдерінің микробтармен ластануын зерттейді

Микробиологиялық зертхана бөлмелері



- **Зертханалық бөлме**- микробиологиялық зерттеулер жүргізуге арналған. Ол кең, жарық болуы, дезинфекция және ылғалды тазалау жүргізілуі керек.

Микробиологиялық зертхана бөлмелері күнделікті ылғалды тәсілмен тазартылуы қажет. Үстел үстіндегі немесе басқа заттардағы шаңды дымқыл шүберекпен, сумен және дезинфекциялық ерітінділермен сүрту керек-.

Бокс - асептикалық жағдайда жұмыс істеуге арналған изоляцияланған бөлме. Жұмыс алдында бокс бөлмесін бактерицидтік шаммен сәулелендіреді, Жұмыс алдында қажетті заттарды дайындап алу қажет. Себебі, жұмыс уақытында бокске кіруге немесе шығуға болмайды. Боксалды бөлмеде стерилді халат, бас киім және маска киеді. Жұмыс соңынан бокс еденін, қабырғаларды 3% - дық карбол қышқылы ерітіндісімен сүртіп және 20-30 минут бактерицидтік шаммен сәулелендіреді

- **Орта пісіру бөлмесі** – қоректік ортаны дайындауға, құюға, қоректік ортаны стерилдеуге және сақтауға арналған.
- **Жуу бөлмесі** – стерилдеуге арналған ыдыстарды өңдеуге және дайындауға арнайы жабдықталған бөлме. Ыдыстарды өңдеу үшін қолданылатын жуғыш заттар: сабын, кір жуу ұнтақтары, қыша, щеткалар және т.б.
- **Автоклав бөлмесі** немесе стерилдеу бөлмесі аппараттармен жабдықталған болу керек: автоклав, кептіргіш шкаф, стерилизатор, т.б. Стерилдеу қоректік ортаны және арнайы киімді қамтиды.
- **Зат қоймасы** (материальная) – қоректік ортаны, қосымша реактивтерді, аспаптарды, аппараттарды, ыдыстарды сақтайтын бөлме.

Микробиологиялық зертханада қолданылатын негізгі дезинфекциялайтын заттар

- **Дезинфекция** – қоршаған ортадағы микроорганизмдерді жою.
- Микроорганизмдермен күресуге арналған химиялық затты антисептиктер деп атайды. Дезинфекциялайтын заттарды келесі топтарға бөлуге болады:
 - 1. Қышқылдар, сілтілер және олардың тұздары ерітінділері.
 - 2. Хлорлы заттар.
 - 3. Ауыр металдар қосылыстары.
 - 4. Фенол және оның туындылары
 - 5. Газ тәрізді заттар

- **Газ тәрізді заттар** – көптеген газдар бактерицидтік әсер туғыза алады: формальдегид, этилен қышқылы, күкірт ангидридi – пропилактон.
- **Ауыр металл тұздары** – сынап, күміс, мыс бактерицидтік әсер етеді. Олар микроорганизм нәруызына коагуляция жасайды
- **Фенол және оның туындылары** – бұл топқа көптеген фенол туындылары кіреді. Олардың ішінде микробиология практикасында карбол қышқылы және лизол қолданылады. Бұлар нәруызбен байланысқа жеңіл түседі, денатурациялайды, тіршілікке қажет функцияларды бұза отырып, біртіндеп ерігіштік әсер көрсетеді.